

Қ. Туғанбаев^{1*}, М. Ахмуллаева¹, Т. Еспенова², Ж. Исенғалиева³

¹Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Қазақстан, Алматы қ.

³М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Қазақстан, Шымкент қ.

*e-mail: kosa-7@mail.ru

ПОСТСЕКУЛЯРЛЫ ҚАЗАҚСТАН ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ДЕСТРУКТИВТІ ДІНИ АҒЫМДАРҒА ҚАРСЫ КҮРЕСІНІҢ ТӘЖІРИБЕСІ: ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

Мақалада деструктивті діни ағымдар, олардың түсініктері мен ерекшеліктері ашылады. Сондай-ақ мақалада деструктивті діни ағымдардың түрлері айқындалады. Мақала барысында деструктивті діни ағымдардың түрлері ажыратылып, олардың анықтамасы іргелі ғылыми еңбектер және зерттеу жұмыстарын басшылыққа алу арқылы көрсетіледі. Деструктивті діни ағымдардың қоғам тыныштығы мен мемлекеттің тұтастығына келтіретін жағымсыз әрекеттері ашылып, адам өміріндегі ауыр салдары сарапталады. Деструктивті діни ағымдарға қарсы күрес жүргізудің қажеттілігі айқындалды. Постсекулярлы жағдайдағы Қазақстан Республикасындағы деструктивті діни ағымдарға қарсы күрес тәжірибесі көрсетілді. Алдымен Қазақстан Республикасының деструктивті діни ағымдарға қарсы күресінің құқықтық негіздері анықталды. Ел егемендігінің алғашқы жылдарынан бастап қабылданған заңдар анықталды. Сонымен қатар мақала барысында постсекулярлық жағдайдағы Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдар аясында деструктивті діни ағымдар күресіне баға берілді. Халықаралық маңызы бар шаралары анықталды. Мақала барысында деструктивті діни ағымдарға қарсы күрестің әлеуметтік маңыздылығы ашылды. Постсекулярлық жағдайындағы Қазақстан Республикасындағы деструктивті діни ағымдарға қарсы күрестегі құқық қорғау органдары ғана емес, сонымен қатар ғылыми қауымдастықтың да атқаруы тиіс міндеттері айқындалды. Бүгінгі таңдағы бұқаралық ақпарат құралдарының мүмкіндіктерін ескере отырып, деструктивті діни ағымдарға қарсы күрестің жаңа түрлеріне баға берілді.

Түйін сөздер: деструктивті діни ағым, постсекулярлық, заң, мемлекет, конвенция, дәстүр, жауапкершілік.

K. Tuganbaev^{1*}, M. Akhmullaeva¹, T. Espenova², Zh. Isengalieva³

¹Kazakh National Women's Teacher Training University, Kazakhstan, Almaty

²T. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts, Kazakhstan, Almaty

³M. Auezov South Kazakhstan University, Kazakhstan, Shymkent

*e-mail: kosa-7@mail.ru

The experience of combating destructive religious movements in post-secular Kazakhstan: features and social responsibility

The article reveals destructive religious trends, their concepts and features. Also in the article, the authors identified the types of destructive religious movements, for the definition of which fundamental scientific works and research were used. The authors reveal the negative consequences for public order and the integrity of the state, the negative impact on human life resulting from the actions of destructive religious movements. The necessity of fighting destructive religious movements is substantiated. The experience of combating destructive religious movements in the Republic of Kazakhstan in the conditions of post-secularity is demonstrated. The legal basis of the activity of the Republic of Kazakhstan in relation to destructive religious movements is determined. The laws adopted in the first years of the country's sovereignty are analyzed. The article also gives an assessment of international organizations of the activities of the Republic of Kazakhstan in the conditions of post-secularity in relation to destructive religious movements. The international significance of these events has been determined. The article reveals the social significance of the struggle against destructive religious movements. The tasks that should be performed not only by law enforcement agencies, but also by the scientific community in the fight against destructive religious movements in the Republic of Kazakhstan in the conditions of post-secularity are revealed. Taking into account the possibilities of modern mass media, the assessment of new forms of struggle against destructive religious movements is given.

Key words: destructive religious movement, postsecularity, law, state, convention, tradition, responsibility.

К. Туғанбаев^{1*}, М. Ахмуллаева¹, Т. Еспенова², Ж. Исенғалиева³

¹Казахский национальный женский педагогический университет, Казахстан, г. Алматы

²Казахская национальная академия искусств имени Т. Жургенова, Казахстан, г. Алматы

³Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, Казахстан, г. Шымкент

*e-mail: kosa-7@mail.ru

Опыт борьбы с деструктивными религиозными течениями в условиях постсекулярного Казахстана: особенности и социальная ответственность

В статье раскрываются деструктивные религиозные течения, их понятия и особенности. Также в статье авторами были выделены виды деструктивных религиозных течений, для определения которых были использованы фундаментальные научные труды и исследования. Авторы раскрывают негативные последствия для общественного порядка и целостности государства, отрицательное воздействие на жизнь человека, возникающие вследствие действий деструктивных религиозных течений. Обосновывается необходимость ведения борьбы с деструктивными религиозными течениями. Демонстрируется опыт борьбы с деструктивными религиозными течениями в Республике Казахстан в условиях постсекулярности. Определены правовые основы деятельности Республики Казахстан в отношении деструктивных религиозных течений. Проанализированы законы, принятые в первые годы суверенитета страны. В статье также дается оценка международных организаций деятельности Республики Казахстан в условиях постсекулярности в отношении деструктивных религиозных течений. Определено международное значение данных мероприятий. В статье раскрыта социальная значимость борьбы с деструктивными религиозными течениями. Раскрываются задачи, которые должны выполнять не только правоохранительные органы, но и научное сообщество в борьбе с деструктивными религиозными течениями в Республике Казахстан в условиях постсекулярности. Учитывая возможности современных средств массовой информации, дана оценка новым формам борьбы с деструктивными религиозными течениями.

Ключевые слова: деструктивное религиозное течение, постсекулярность, закон, государство, конвенция, традиции, ответственность.

Кіріспе

Деструктивті діни ағымдардың адамгершілік құндылықтарға қарсы әрекеттері заманауи қоғам үшін қауіпті болып табылады. Деструктивті діни ағымдар әсіресе атеисттік қоғамнан шығып, постсекулярлы қоғамда діни сауатын аша бастаған мемлекеттер үшін аса қауіпті. Сондықтан деструктивті діни ағымдарға қарсы күрес ұғымы қоғамдық қажеттіліктен туындады. Деструктивті діни ағымдардың қауіптілігі өзге де жағымсыз факторлармен салыстырғанда бірнеше есе қауіпті саналады. Өйткені ол тек рухани болмысты өзгеріске ұшыратып қана қоймай, мемлекеттің тұтастығына да нұқсан тигізуі мүмкін.

Деструктивті діни ағымдар қалыптасқан дәстүрлі дінге қарама-қарсы тұруды ғана мақсат етпейді. Мемлекеттің құқықтық-заңнамалық негіздері мен қалыптасқан тәртіп, дәстүр мен ғұрыптық ерекшеліктерді де мойындамайды. Сол себепті де деструктивті діни ағымдарға қарсы күрес тек жекелеген мемлекеттер

ғана емес, түрлі халықаралық ұйымдар деңгейінде де жүзеге асады. Постсекулярлы кезеңде халықаралық саяси қауымдастықтың белсенді мүшесі ретінде Қазақстан Республикасы да деструктивті діни ағымдарға қарсы күресті жүйелі жүргізеді. Елімізде деструктивті діни ағымдарға қарсы күрестің құқықтық-заңнамалық негіздері толыққанды қалыптасып үлгерген. Деструктивті ағымдардың түрлері жіктеліп, олардың қоғам алдындағы қауіптілік дәрежесі де айқындалды. Қазақстан бірқатар халықаралық ұйымдар аясында да деструктивті діни ағымдарға қарсы күрес ісін жандандыруда. Халықаралық ұйымдар аясында қабылданған жарғылар мен ережелерді басшылыққа ала отырып, біріккен шараларды да ұйымдастыру ісіне белсенді қатысуда. Дегенмен, деструктивті діни ағымдарға қарсы күрес ісі заманауи өзгерістерге байланысты жаңа сипатқа ие болуы тиіс. Ғылыми қауымдастық деструктивті діни ағымдарға қарсы күреске белсенді тартылып, азаматтардың әлеуметтік жауапкершілігін арттырудың тың бағыттары айқындалуы тиіс.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсат-міндеттері

Жетпіс жыл атеисттік қоғамда өмір сүру салдарынан азаматтардың өмірінде бос рухани кеңістік қалыптасқаны рас. Еліміз егемендік алған алғашқы жылдарындағы постсекулярлы қоғамда мұндай руханият, дін саласындағы кемшілікті пайдаланып, мемлекет аумағына түрлі деструктивті діни ағымдар келді. Белсенді насихат жұмыстары нәтижесінде қоғам тыныштығын бұзатын әрі мемлекеттің тұтастығына нұқсан келетін әрекеттер орын ала бастады. Бұл өз кезегінде мемлекеттің деструктивті діни ағымдарға қарсы күрес жүргізуіне түрткі болды. Бүгінгі таңда деструктивті діни ағымдарға қарсы күресте азаматтардың әлеуметтік жауапкершілігін күшейтудің маңыздылығы жоғары. Деструктивті діни ағымдарға қарсы күрес жан-жақты әрі кешенді жүргізілгені нәтижелі болады. Деструктивті діни ағымдардың қауіптілігі мен оның ауыр салдары турасында ғылыми-зерттеу жұмыстарымен қатар, әлеуметтік жарнамаларды күшейту ісі қолға алынуы тиіс. Бұл ретте бұқаралық ақпарат құралдарының мүмкіндіктері толыққанды пайдаланып, науқаншылық сипатынан арылуы қажет. Әлеуметтік желілермен қатар, қоғамдық өмірде белсенді жұмыс атқаратын орталықтардың қызметіне деген сұраныс жоғары. Деструктивті діни ағымдарға қарсы күресте дінтану саласының ғалым-мамандарын кеңінен тарту ісі қолға алынуы тиіс. Кеңес беру, сауықтыру жұмыстары заманауи өзгерістерге сай жаңа сипатқа ие болуы тиіс. Рас, Қазақстан Республикасында деструктивті діни ағымдарға қарсы күрестің құқықтық-нормативтік негіздері қалыптасты. Дегенмен заң талаптары мен деструктивті діни ағымдардың түрлері туралы мәліметтерді көпшілік біле бермейді. Мақаланың басты мақсаты да деструктивті діни ағымдардың ара-жігін ашып, әрқайсысына ғылыми анықтама беру. Сонымен қатар деструктивті діни ағымдарға қарсы күрестің құқықтық-нормативтік негіздерін талдап, жұмыс түрлерін айқындау болып табылады.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Мақала барысында дінтанумен қатар, қоғамдық-гуманитарлық ғылым саласына кеңінен танымал ғылыми-зерттеу әдістері қолданылды. Деструктивті діни ағымдарға қарсы күрестің

құқықтық-нормативтік негіздерін анықтау мақсатында құжаттармен жұмыс, оларды зерттеп-талдау әдістері қолданылды. Сонымен қатар, ғылыми-зерттеу жұмысы барысында жалпылау, ұқсастық және болжам жасау сынды әдістер назарға алынды. Құрылымдық-функционалдық талдау жүйесіне сай деструктивті діни ағымдарға қарсы күрестің құрылымдық ерекшеліктерін сипаттап, оны бүтін жүйе ретінде ұштастыра алдық. Мақала барысында аталған зерттеу бағыты бойынша жарық көрген іргелі еңбектер мен кешенді зерттеу жұмыстарындағы жетекші ой, ғылыми ұстанымдар басшылыққа алынды.

Негізгі бөлім

Дін адам өмірімен қатар, әлемдік өркениетте да жоғары маңызға ие. Бұл постсекулярлы қоғам жағдайында өзекті бола түсуде. Дінді көпшілік ғаламды түсініп, қабылдауға жағдай жасайтын бірыңғай жүйе ретінде қарастырады. Дегенмен діннің адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттейтін әлеуметтік институт ретіндегі ролі де жоғары. Постсекулярлы қоғамда дін әлеуметтік институт ретінде қоғамдық өмірдің бірегей бөлігі болып табылады. Дін қоғам мүшелерінің дүниетанымын қалыптастырушы күшке ие. Өз кезегінде әр қоғам мүшесінің түсінігі қоғамдық құндылықтарға айналады. Егерде қоғамда ерекше бағаланатын әрі жалпы адамзаттық құндылыққа тән қасиет адамгершілік десек, адамгершілік қасиет діннің көмегімен нәтижелі жүзеге асуы тиіс. Дәстүрлі дін адами болмысқа тән емес қасиеттерге шектеулер қояды. Адамгершілікке жатпайтын қасиеттерге бағытталған шектеулер өз кезегінде ерекше үйлесімділіктегі қоғам заңдылығын қалыптастырады. Діннің мұндай қызметі тұлғаның рухани тұрғыдан жетілуіне жол ашады. Осы тұрғыдан келгенде адам ғана емес, бүтіндей қоғам үшін діннің алар орны ерекше деп айта аламыз. Бұл діннің біріктірушілік қызметін айқындайды. Зерттеуші В.Ф. Коломийцевтің «Социология Герберта Спенсера» атты еңбегінде діннің осы сынды жағымды қызметтері айқындалады. Автор діннің отбасы институтын нығайтып, адамдардың арасындағы қатынастарды реттейтініне мән берген. Сонымен қатар, ұлтаралық қатынастарды ізгілендіреді деп мемлекет пен қоғам үшін маңызды қызметтерін сараптайды (Коломийцев, 2004: 62). Дегенмен әлемдік діндердің даму тарихына назар аударатын болсақ, біз діннің өзге де маңызды қызметтерін байқаймыз. Аталған діннің қызметі

деструктивті діни ағымдардың пайда болуымен байланысты.

Деструктивті діни ағымдар мен діни радикализм ұғымы өзара сабақтас. Ол турасында дінтанушы-ғалымдар Н. Байтенова мен Н. Жетпісбай өздерінің «Фанатизм түсінігі, мәні мен ерекшеліктері» деп аталатын ғылыми-зерттеу жұмыстарында діни радикализм бір діни дәстүрдің шеңберінде пайда болып, қалыптасқан діни түсініктер мен дәстүрге қарсы шығу арқылы бөлінетіндігін атап өтеді. Сонымен қатар діни радикализмнің басты ерекшелігі мен негізгі қайнар көзі ретінде көсемге шектен тыс бағынушылық екендігін дұрыс көрсетеді (Байтенова, Жетпісбай, 2021: 126-127). Деструктивті діни ағымдар қоғамның дамуын тежейді және мемлекеттің тұрақты дамуына өз кедергісін келтіреді деп айтуға толық негіз бар. З.Е. Александрова өзінің «Словарь синонимов русского языка» атты жинағында деструктив сөзінің аудармасын «қиратушы» деп түсіндіреді (Александрова, 2001: 187). Зерттеуші Ю.В. Ахремееваның «Социокультурные основы религиозного экстремизма» атты ғылыми-зерттеу жұмысы барысында «деструктивтік сенім ол ең алдымен әлеуметтік топ, қалыптасқан мәдениетке қарсы тұруды көздейтін субмәдениет» деп баға береді (Ахремеева, 2009: 55). Шындығында деструктивтік діни ағым өздерінің түсініктеріне сай келмейтін дәстүр мен мәдениетті жоққа шығарады. Деструктивті діни ағымдар адамдардың санасында ғасырлар бойы қалыптасып үлгерген құндылықтарды ығыстыруға әрекеттенеді. Басты белгілерінің бірі дәстүрлі діни түсініктер мен ресми мойындалған діни ұйымдардың қызметіне қарсыластық танытады. Сондықтан деструктивтік ағымдарды мемлекет пен қоғам үшін қауіпті деп айта аламыз.

Деструктивті діни ағымдардың белгілері мен ерекшеліктері мәселесі бірқатар зерттеушілердің зерттеу нысанына айналды. Бұл турасында Р.Р. Абдулганеев өзінің еңбегінде діни ағымдарға сипаттама беріп, олардың сыртқы-ішкі сипаттарына қарай деструктивтілігін анықтайды. Сыртқы сипатына қарай деструктивті діни ағымдарды жалпы мойындалған әлеуметтік құндылықтармен санаспай, жоққа шығаруы, дәстүрлі түсініктегі адамдарды күнәһар санауы, қоғамдық талаптар мен тәртіпті мойындамауы, дәстүрлі конфессияларға деген ашық қарсыластық, мемлекеттің заңдарына мойынсұнбауы деп жіктейді. Ал ішкі сипаты бойынша деструктивті діни ағымдар өздеріне қарсы

шыққандармен үнемі күрес жағдайында өмір сүру, тұлғаның жеке қасиеттерін жоққа шығару, өз идеологияларының үстемдігін орнату, тұлғаны жақын ортасынан ажырату деп жіктейді (Абдулганеев, 2012: 15-16). АҚШ-тағы танымал психолог Р. Лифтон өзінің еңбегінде деструктивті діни ағымға мүше адамдар көп жағдайда қоғамды екіге бөліп қарастырады деген пікір білдіреді. Мысалы таза немесе лас, жақсы мен жаман тағы да басқалары. Әрине, өз идеологиясына мойынсұнғандарды жақсы әрі таза адамдар деп санаса, өзгелерін жамандар қатарына қосады. Сонымен қатар Р. Лифтон деструктивті діни ағым мүшелері өздерінің сенімін абсолютті деп санап, қарсы сенім мен пікірді өтірік деп есептейді деген пікір білдіреді. Деструктивті діни ағымдағы адамдар өздерінің ғана құқығын насихаттап, өзге де қоғам мүшелерінің құқығын барынша шектейді. Ең басты мұндай ағым мүшелері өзге адамдармен байланысты және жаңа ақпараттарды барынша сұрыптай отырып, пайдаланады (Lifton, 1989: 265).

Зерттеуші Г.А. Базарбаеваның деструктивті діни ағымдардың басты мақсаты өзіндік ойы жоқ топты қалыптастыру, өз дегендері бойынша жүретін адамдарға басшылық жасау екендігін атап өтеді. Тіпті деструктивті діни ағымның ықпалына түскен адам өзіндік ойлау қабілетінен айырылып, тек сол ұйымның тәртібіне сай әрекет ететіндігін айқындайды (Базарбаева, 2014: 119). Өз кезегінде зерттеуші А.Қ. Омаров «Теріс діни ағымдардың ортақ белгілері» деп аталатын мақаласы барысында деструктивті діни ағымдардың үш белгісін атайды. Ол белгілердің қатарында, үнемі қатігездікті насихаттау, дәстүрлі діни түсініктерге қарсы шығу, жергілікті дәстүр, ұлттық ерекшеліктерді мойындамау бар (Омаров, 2014: 131).

Шетел және отандық зерттеушілер деструктивті діни ағымдардың қоғамға пайдасынан гөрі, зияндылығы басым екендігін атап өтеді. Латын тілінен аударғандағы «деструктив» сөзінің мағынасы да «құлату», «қалыптасқан жүйені бұзу» дегенді білдіреді. Демек, бүгінгі деструктивті діни ағымдар өздерінің негізгі анықтама-сына толыққанды сай әрекет етуде.

Қазіргі постсекулярлы кезеңде деструктивті діни ағым деген ұғымды барлық теріс сенім өкілдеріне қатысты қолданады. Алайда дінтану саласында «культ» пен «деструктивті ағым», сонымен қатар секта ұғымдарының ортақ белгілері болғанымен, әр ұғымның өзіне тән белгілері, ерекшеліктері бар екендігі анық.

Зерттеушілер С.И. Ожегов, Н.Ю. Шведова өздерінің еңбектерінде секта сөзін белгілі бір ілім мен бағыт беруші мектеп деп түсіндіреді (Ожегов, Шведова, 2004: 733). Дінтанушылар секта ұғымын діни қауымдастық деп түсіндіреді. Алғашқы уақытта секта сөзі тіпті анайы ұғымды да білдірген (Пчелинцев, 1999: 23). Секта термині және оның мағынасы мен ерекшеліктері мәселесін америкалық ғалым Брайн Уилсон анықтап, бірқатар тұжырымдар жасайды. Зерттеушінің пікірінше сектаға мүшелікке өту көбіне ерікті түрде жүзеге асады, мүшелікке өту үшін адам терең тексерістен өтеді, секта мүшелері өздерінің сектасы басқалардан ерекше деп сенеді, өздерін Құдайдың таңдаулылары деп санайды, қоғамның өзге мүшелерін жек көреді, жеке басқа табынуға бейім деп қорытындылайды (Борбасова, 2015: 19).

Секта мүшелерінің жеке басқа табыну мәселесіне қатысты П. Сидоров өзінің еңбегінде адам санасын бақылау әрекеті деп түсіндіреді (Сидоров, 2005: 28-34). Зерттеуші М.Н. Артюхов секталардың басты ерекшелігі оның мүшесінің аз болуы деп атайды (Артюхов, 2015: 23). Әрине зерттеушінің бұл пікірін біз шартты деп есептейміз. Өйткені «Иегова куәгерлері» деп танылған сектаның әлемде 8 миллион шамасында мүшесі бар. Секта ұғымына қатысты неміс зерттеушілері М. Вебер және Э. Трельч сыртқы әлемнен оқшаулану мақсатында құрылатындығын айтады. Отандық ғалым-зерттеуші Н.Ж. Байтенова редакторлық еткен «Дінтану негіздері» еңбегінде деструктивті діни ағымдар, секта ұғымдары кеңінен ашылады. Ғалым сектаның белгілі бір діни сенімге оппозиция ретінде пайда болатындығын атап өтеді. Секталардың жұмысы өздерінің идеясы мен ұстанымдарын өзгелерге мойындатумен байланысты екендігін дұрыс көрсетеді. Сектаның басты ерекшеліктері ретінде оның мүшелері қоғамнан оқшауланады деген пікір білдіреді (Байтенова, 2006: 79-80). Сонымен қатар Н.Ж. Байтенова мен Қ. Борбасованың «Жаңа діни ағымдардағы сектантықтың әлеуметтік-философиялық мәні» деп аталатын зерттеу жұмыстарында секта ұғымын ашып, оның ерекшеліктеріне тоқталады. Зерттеушілер сектаға тән белгілер қатарында қатал ұйымдастырылатын иерархиялық тәртіптің болуы, агрессияға толы манипуляциялық әдістерді қолданылуы, адамның тұлғалық еріктеріне бақылау орнату, өздерінің тәртіптеріне бағынбаған адамдарға моральдық қана емес, физикалық та зиян келтіруден

тайынбау деп түйіндейді (Байтенова, Борбасова, 2010: 64).

Қазіргі деструктивті діни ағымдар қатарында «культ» деп аталатын ұйым да бар. Бұл турасында Ю.В. Ахромеева культті әлеуметтік топ деп бағалай келе, қалыптасқан мәдениетке қарсы пайда болатын субмәдениет деп көрсетеді. Культ көбінесе ресми мойындалған дін мен діни дәстүрге қарсы радикалды күш ретінде қалыптасады (Ахромеева, 2009: 55). Культтің теріс әрекеттерін Э. Трельч атап өтеді. Зерттеуші культ мүшелері мемлекет пен жергілікті ұлттардың өзіне тән құндылықтарын мойындамастан, өздерінің ұйым тәртібіне, ережелеріне бағынатындығын атап өтеді (Troeltsch, 2017: 37).

Атап өтетін бір жайт, деструктивті діни ағымға мүше болып, кейін оңалу жолына түсетіндермен ұзақ және ауыр оңалту жұмыстары жүргізіледі. Ең бастысы осы аталған кезкелген деструктивті діни ағымдар қалыптасқан әлеуметтік құндылықтарды мойындамайды. Мысалы, қалыптасып үлгерген әлеуметтік құндылықтарды жоққа шығарып, оларды жек көру, өзге қоғам мүшелерін адасушы деп қабылдау, қоғам және оның мүшелері үшін маңызды мәселелерді күнә ретінде қабылдау, мемлекет бекіткен қоғамдық тәртіп ережелерін мойындамау, өздерінің ағым идеологиясына артықшылық беру, мойындалған діни ұйымдар мен оның мүшелеріне деген қарсыластыққа түсу, мемлекеттің заңнамалық нормаларын ескермеу, өздерінің заңнамалық кеңістігін қалыптастыру, өздеріне қарсы топтармен мәмілесіз күрес жүргізу және тағы да басқаларын атауға болады. Туыстары, өмір бойына араласып келген достарынан бас тартып, томаға тұйықтала өмір сүру де деструктивті діни ағымдардың басты белгілері. Деструктивті діни ұйымдардың басым көпшілігі өздерінің мүшелерін ұзақ уақытта ораза ұстауына, аз ұйықтауы мен көп сыйынуына мән береді. Бұл адамдардың ақыл-ой сергектігіне кері әсер етеді. Осындай үнемі ой үстінде болу жағдайында адамды дегеніне көндіріп, қоғам мүшелеріне қауіп әкелетін әрекеттерді ұйымдастырудың мүмкіндігі жоғары. Зерттеуші Н.Ф. Дик өз еңбектерінде кезкелген деструктивті діни ағым заң бұзушылық, қоғам мүшелерінің өміріне қауіп төндіруге бейім келеді деген пікір білдіреді (Дик, 2006: 16). Рас, деструктивті діни ұйымдар өздерінің мүшелерінің санасына толыққанды бақылау орнатады. Ол үшін түрлі әдіс-тәсілдерді қолданады. Тіпті кей жағдайда өз мүшелерінің тамақтануына

да мән беріп, өзіндік рациондарын белгілейді. Үнемі өз мүшелеріне кінәлі екендігін насихаттап, күнәдан тазару үшін трансқа енгізу секілді жеке адам ретінде мүмкіндіктерін шектейтін бағдарламалар қолданады. Нәтижесінде адептер өтірікке негізделген идеологияны шындық ретінде қабылдап, күнәдан тазару үшін белсенді әрекеттерге барады. Сөзсіз мұндай қауіпті деструктивті діни ағымдардың алдын алып, оларға қарсы күрес жүргізу барлық өркениетті елдердің ішкі саясатындағы маңызды мәселе болып табылады.

Деструктивті діни ағымдарға қарсы күрестің үлкен тәжірибесі қалыптасқан елдердің бірі Қазақстан Республикасы болып табылады. Халықаралық қауымдастықтың заңды мүшесі ретінде Қазақстан Республикасы барлық шаралардың белсенді қатысушысы. Бүгінгі өркениетті мемлекеттердің барлығы дерлік деструктивті діни ағымдармен ымырасыз күресті жүйелі жүргізіп келеді. Олардың басым көпшілігі деструктивті діни ағымдарды анықтау, деструктивті діни ұйымдардың мүшелері мен олардың арасынан террорлық акті ұйымдастыруға бейім мүшелерін тізімге алу және тағы да басқа маңызды шараларды жүзеге асыруда.

Қазақстан Республикасы халықаралық саяси аренада бейтарап, көпвекторлы саясат жүргізетін, бейбітшілікті қалайтын мемлекет ретінде өзін көрсетті. Мемлекеттің ішкі саясаты да қоғамдық келісім мен толеранттылыққа негізделеді. Жүзден астам ұлт және ұлысты біріктіріп отырған мемлекет үшін деструктивті діни ағымдар арқылы қоғамның тыныштығын бұзу қолайсыздық тудырады. Оны кейінгі болып өткен оқиғалар желісі де дәлелдеді. Қазақстан Республикасындағы діни жағдай мен ахуал салыстырмалы түрде алғанда бір ретке келтірілді деп айта аламыз. Дегенмен деструктивті діни ағым мүшелерінің қоғамда жағымсыз әрекеттері әлі де байқалады. Өз уақытында атеисттік идеология Қазақстанда үстемдік еткені белгілі. Коммунистік партия идеологиясы нәтижесінде дәстүрлі діни түсініктер жойыла жаздады. Ел егемендік алған алғашқы жылдары деструктивті діни ағымдардың еліміздегі белсенді жұмысының нәтижелі болуының да басты себебі сондықтан еді. Бос рухани кеңістікті түрлі діни ағымдардың насихаты арқылы толтыруға тырысқан азаматтардың адасып жатқан жайттары жетерлік. Бұл еліміздегі деструктивті діни ағымдардың белсенді жұмыстарының нәтижесі. Сондықтан деструктивті діни ағымдарға қарсы

күрес әлі күнге дейін өз маңыздылығын жоймаған мәселеге айналып отыр.

Қазіргі таңда елімізде деструктивті діни ағымдар тек ислам ғана емес, христиан дінінің құндылықтарын пайдалана отырып, өмір сүріп келеді. Олардың идеологиясы Қазақстан Республикасы Конституциясы мен ата-баба дінінің түсініктеріне сай келмейді. Деструктивті діни ағымдарға қарсы Қазақстан Республикасында қалыптасқан күрес түрлерін анықтап, баға беру үшін алдымен құқықтық-нормативтік негіздерін айқындап алудың қажеттілігі бар.

Қазақстан Республикасында деструктивті діни ағымдарға қарсы қабылданған заңдар халықаралық ережелер шеңберіне сай келеді. Заңдар осы бағыттағы халықаралық ұйымдардың да жарғыларымен ұштасады. Демек, деструктивті діни ағымдарға қарсы күрес ең алдымен нормативтік-құқықтық базаны дайындаудан басталды. Осы ретте атап өтетін бір жайт, Қазақстан Республикасы үшін деструктивті діни ағымдар белсенді қызмет ететін елдермен әріптестік байланыстардың маңыздылығы жоғары. Осы бағытта бірнеше жылдық тәжірибесі бар мемлекеттермен ықпалдастық байланыстар арқылы түрлі келісім-шарт жасасу басты ұстаным. Қазақстан Республикасы деструктивті діни ағымдарға қарсы халықаралық заңнамаларда БҰҰ 1937 жылы қабылдаған «Терроризмнің алдын алу мен оны жазалау туралы» конвенциясы, сонымен қатар 1977 жылы қабылданған «Терроризмнің алдын алу туралы» деп аталатын Еуропалық Конвенция да бар. Маңызды халықаралық құжаттардың бірі 1987 жылы қабылданды. «Оңтүстік Азия мемлекеттері аумағында терроризмнің алдын алу туралы» деп аталатын Конвенция, 1994 жылы қабылданып, бүгінгі күнге дейінгі қолданыстағы «Халықаралық терроризмді жою шаралары туралы» деп аталатын халықаралық Конвенция талаптарын да басшылыққа алады. Мұндай маңызды конвенциялардың бірі 1997 жылы қабылданды. «Терроризммен күрес туралы» және 1999 жылы қабылданған, қолданыстағы «ТМД мемлекеттерінің терроризммен күресінің ынтымақтастығы туралы» конвенциялар мен шарттар біздің еліміздің аталған бағыттағы күрес ұстанымдарын белгілейді. Қазақстан Республикасы «Шанхай бестігі», кейіннен Шанхай ынтымақтастық ұйымы деп аталған халықаралық ұйым аясында «Терроризм, сепаратизм және экстремизммен күрес туралы» деп аталатын конвенцияның талаптарын басшылыққа алады. Аталған конвенция 2001 жылы қабылданды (Жандосова, 2014: 74).

Қазақстан Республикасының деструктивті діни ағымдарға қарсы күресінің нормативтік-құқықтық базасы 1998 жылдың 1 қаңтарынан басталды деп айтуға болады. Осы жылы Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінде 167 және 233-баптары пайда болды. Аталған баптарда алғаш рет мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін әрекеттерді нақты лаңкестік және экстремизм деп бағалау орын алды. Сонымен қатар 1999 жылдың 13 шілдесінде «Лаңкестікпен күрес туралы» деп аталатын Қазақстан Республикасы Заңы да қабылданған болатын.

2000 жылдың 10 шілдесінде деструктивті діни ағымдарға қарсы күреске Ұлттық қауіпсіздік комитетін жұмылдыру мақсатында «Лаңкестікпен экстремизм белгілерінің алдын алу және жолын кесу жолындағы шаралар туралы» деп аталатын Жарлық шықты. Жарлық негізінде Қазақстан Республикасының «Лаңкестікпен күрес туралы» Заңы шықты. Осыған дейін, яғни 1998 жылы 26 маусым айында «Ұлттық қауіпсіздік туралы» заң шыққан болатын. Ұлттық қауіпсіздік деструктивті діни ағымдарға қарсы күресте жетекші орын алуы тиіс болды. Кейінгі оқиғалар көрсеткендей аталған комитет бұл міндетті абыроймен атқарды. 1999 жылы 13 шілде айында Қазақстан Республикасының «Терроризммен күрес туралы» заңы шығады. Деструктивті діни ағымдарға қарсы күресте басты жұмыстар бұқаралық ақпарат құралдарына жүктелетіні түсінікті. 1999 жылдың 23 шілдесінде «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заң шықты. Рас, ел егемендігінің алғашқы жылдарынан-ақ діни сенім мәселесінің заңнамалық негіздері қалыптасқан болатын. Мысалы 1992 жылы 15 қаңтар айында «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заңы шыққанымен, уақыт өте келе аталған заң жаңа шыққан заңдар арқылы күшін жойған болатын. Қазақстанда деструктивті діни ағымдарға қарсы күресте халықаралық ұйым шарттарының заңнамаларына артықшылықтар беріледі. Мысалы 2001 жылдың 15 маусымында қабылданған Шанхай конвенциясына негіздей отырып, Қазақстан Республикасы 2002 жылдың 18 сәуірінде деструктивті діни ағымдарға қарсы Заңдарына бірқатар өзгерістер енгізді. Жалпы Шанхай ынтымақтастық ұйымы аясында оған мүше елдер 2000 жылы 21 сәуір айында деструктивті діни ағымдарға қарсы шарт қабылдайды. Ұйым аясында Қазақстан және Қытай Халық Республикасы 2002 жылы 23 желтоқсан айында Пекин қаласында деструктивті діни

ағымдарға қарсы күрес турасында келісім-шарттар қабылдады. Міне осындай кең көлемдегі жұмыстар нәтижесінде еліміздегі деструктивті діни ағымдарға қарсы күрестің заңнамалық негіздері қалыптасты.

Қазақстанда тіркелмеген және идеяларында деструктивтілік ауытқушылығы бар діни ұйымдардың мүшелері жан-жақты насихат жұмыстарын жүргізіп келген. Соңғы қабылданған дін саласын реттеу заңы осы насихат жұмысына шектеу қойды. Ендігі кезекте көше аралап, адамдар арасында белсенді насихат жұмысын жүргізіп келген ағымдардың жұмысы шектеліп, оларды қайта тіркеу жұмыстары басталды.

Қазақстан Республикасында деструктивті діни ағымдарға қарсы күрестің бірі – олардың бұрынғы мүшелерін сауықтыру жұмыстары болып табылады. Осы мақсатта Ұлттық қауіпсіздік комитеті жанынан діни сауықтыру орталықтары ашылып, үкіметтік емес ұйымдар құрылды. Мысалы дін істері агенттігінің жанында «Мәдениеттер мен діндердің халықаралақ орталығы» құрылды. Орталық әртүрлі бағытта жұмыс жасайды. Кеңес беру, түрлі кездесулер мен семинарлар, тренингтер ұйымдастыру, азаматтардың сұрақтарына жауап беру, діни ұйымдар мен мемлекет арасындағы байланыстарды оңтайландыру, әріптестікті күшейту және тағы да басқа маңызды қызметтерді атқарады.

2013-2017 жылдарға арналып, діни экстремизм мен терроризмге қарсы тұратын іс-қимылдар бойынша мемлекеттік бағдарлама қабылданған болатын. Бұл бағдарламаның мақсаты мемлекет пен ұлттық қауіпсіздік, қоғам мүшелері деструктивті діни ағымдарға қарсы ымырасыз күрес, азаматтардың діни білімін көтеру, діни сауатты арттыру болды.

2013 жылдың 24 маусымында «Қазақстан Республикасының антитеррористік орталығын бекіту Ережесі» туралы Жарлық шықты. Нәтижесінде антитеррористік орталық ашылды. Оған дейін 2011 жылдың мамыр айында Дін істері агенттігі де құрылған еді. Кеңес беру мен сараптамалық кеңес жұмыстары басталды.

Деструктивті ағымдарға қарсы Қазақстан Республикасының күресінің негізгі түрлерінің бірі – халықаралық ұйымдармен және шетелдік әріптес мемлекеттермен бірлесіп жүзеге асырылатын оқу-жаттығу жиындары болып табылады. Сонымен қатар ел ішінде де өзіміздің арнайы топ жасақтары мен әскери күштердің де деструктивті ағым өкілдерінің нақты террорлық әрекеттері орын алған жағдайдағы іс-қимылдары

үнемі пысықталып отырылады. Нақтырақ айтар болсақ, ел егемендігі жылдарында Қазақстан Республикасы бірқатар антитеррорлық оқу-жаттығу жиындарына қатысып үлгерді. Ол әсіресе көршілес елдермен бірлескен және халықаралық ұйымдардың аясында ұйымдастырылған болатын. Солардың кейінгілеріне тоқталатын болсақ, Қазақстан Республикасы 2013 жылы өзі Шанхай ынтымақтастық ұйымы аясында терроризмге қарсы «Қазығұрт-Антитеррор 2013» атты әскери оқу-жаттығу жиынын өткізген болатын. Аталмыш оқу-жаттығу жиынына елімізден бөлек Қытай, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан және Өзбекстан елдерінің әскери құрылымдары қатысты. Шанхай Ынтымақтастық ұйымы аясында ұйымдастырылған шараға Үндістан, Иран, Пәкістан, Беларусь, Түркия мемлекеттері бақылаушы ретінде шақырылған. Бұған дейін еліміз «Тянь-шань 2006» және «Бейбітшілік миссиясы – 2010» оқу-жаттығу жиындарын өткізген болатын. Әрине еліміздің мұндай ауқымды іс-шараларды ұйымдастыруы және сәтті өткізе алуы сөзсіз оның халықаралық саяси аренада беделін көтерері анық.

Деструктивті ағымдардың әрекетіне қарсы ұйымдастырылған оқу-жаттығу жиындарының ішінде жекелеген елдермен бірге ұйымдастырылған да шаралардың маңызы жоғары. Мысалы 2017 жылы Қазақстан Республикасы мен Пәкістан Ислам Республикасы арасында «DOSTARYM-2017» атты оқу-жаттығу жиыны ұйымдастырылды. Жиынның басты мақсаты адамзат үшін қауіпті саналып отырған терроризмге қарсы күресте тәжірибе алмасып, террорлық әрекет барысында кепілге алынған тұлғаларды босату, заңсыз әскери құрылымдарды жою сынды жұмыстарды пысықтау болып табылады. Жиын екі аптаға созылып, дайындық жұмыстары үш кезең бойынша жүргізілді. Бірінші кезең жеке дара дайындық, екіншісі топтардың үйлесуі, бірлескен оқу-жаттығу жұмыстарын жүргізу. Жиынға екі елден жүзге тарта әскери қызметші, жетпіске тарта әскери бірлік пен арнайы әскери техникалар тартылған болатын. Атап өтетін жайт араб елдерінің ішінде осы Пәкістан Ислам Республикасымен арадағы осындай бірлескен әскери оқу-жаттығу жұмыстары алдағы уақытта да жалғасын табады.

Мұндай оқу-жаттығу жиындарының бірі 2018 жылы Ресей Федерациясында Шебаркуль қаласында ұйымдастырылып, ол «Бейбітшілік миссиясы – 2018» деп аталды. 22-29 тамыз аралығында өткен әскери оқу-жаттығуға 3000-

нан астам әскери қызметкерлер мен 500-ге жуық арнайы әскери техникалар жұмылдырылған болатын.

Қазақстанда деструктивті діни ағымдарға қарсы күресте әрқоғам мүшесі мен мемлекет өз алдында тұрған әлеуметтік жауапкершілікті ұғына алуы тиіс. Мысалы, мұның бір жолы әлеуметтік жарнамаларды күшейту болып табылады. Сонымен қатар деструктивті діни ағымдарға қарсы күресте бұқаралық ақпарат құралдарының алар орны да маңызды. Теледидар, әлеуметтік желілер ұлттық идеология мен мемлекеттік ұстанымды насхаттаудың мүмкіндігі көп үлгісі. Деструктивті діни ағымдардың салдарына байланысты әлеуметтік жарнамаларды күшейте отырып, жоғары нәтижелерге жетуге болады. Қазіргі таңда деструктивті діни ағымдардың ұлттық қауіпсіздікке тигізер ауыр салдары мен мемлекет тұтастығын бұзатындығы туралы мәліметтерді азаматтарға жүйелі түрде түсіндіру қажет. Әлеуметтік маңызы жоғары мұндай жарнамалар арқылы деструктивті діни ағымдардың белгілері, ерекшеліктері, зардаптары нақты адамдардың мысалында көрсетілгені абзал.

Нәтижелері мен талқы

Сонымен келтірілген мәліметтерді сараптай келе, деструктивті діни ағымдар мемлекет пен қоғам мүшелері үшін аса қауіпті екендігі айқындалды. Бұлар постсекулярлы қоғамда шынайы діни ілімдерге деген қайшылықты көзқарасты тудырады. Деструктивті діни ағымдар адамдарды қоғамнан алыстатып, оқшау өмір сүруге дағдыландырады. Өздерінің идеологияларын барлық тәртіп пен ережелерден жоғары санап, өзгенің пікірімен санаспайды. Деструктивті діни ағым мүшелері үнемі ұйымның идеясына бағынуы үшін барлық әдіс-тәсілдерді шебер пайдаланады. Адамдарды өздерінің сеніміне деген адалдығын сақтау үшін үгіт-насихаттар жүргізіп, осы идея жолында құрбан болуға да даяр болу керектігіне қол жеткізеді. Сөзсіз деструктивті діни ағымдар азаматтардың жеке көзқарасы мен қалыптасқан дүниетанымын мойындамайды. Сол сияқты мемлекет ішінде қалыптасқан саяси-әлеуметтік және адамгершілік-рухани құндылықтарды жоққа шығарады. Бұл өз кезегінде мемлекеттің тұтастығы мен егемендігіне де төнген қауіпті білдіреді.

Деструктивті діни ағымдарға қарсы күрес кез-келген өркениетті елдерге тән. Қазақстан

Республикасы да деструктивті діни ағымдарға қарсы күрестің толыққанды құқықтық-заңнамалық негіздерін қалыптастырды. Бүгінде әлеуметтік желі мен интернеттегі дайын ресурстар жағдайында деструктивті діни ағымдарға қарсы күрестің заманауи тәсілдері талқыланып, тың бағыттары ұсынылуы тиіс.

Қорытынды

Постсекулярлы қоғамда деструктивті діни ағымдарға қарсы күрес ең алдымен қоғамның тыныштығы мен мемлекеттің тұрақты болашағы үшін аса қажет. Өз кезегінде деструктивті діни ағымдар қоғамның тыныштығын бұзып қана қоймай, мемлекеттің тұрақты дамуына кедергісін келтіретін маңызды факторлар қатарына жатады. Деструктивті діни ағымдар, олардың ішінде секта мен әртүрлі теріс діни культтік ұйымдар адамдардың ерікті түрде жүріп-тұруын тежеп, өзіндік ойлау және шешім қабылдау сынды адами қасиеттерді шектейді. Деструктивті діни ағымдар, секталар мен әртүрлі теріс культтік ұйымдар адамдарды өз мақсаттарына жұмылдыру үшін түрлі психологиялық әдіс-тәсілдерді белсенді пайдаланады. Деструктивті діни ағым діннің маңызды қасиеттері мен міндеттерін насихаттау емес, керісінше адамдарды барынша окшаулап, өздерінің отбасы мүшелерімен араласудан қалдырады. Рас қазіргі таңда түрлі әлеуметтік қиындықтар салдарынан адамдар арасында өмірден түңіліп, түрлі тығырықты жайттарға тап болғандар көптеп кездеседі. Тіпті психологиялық ауытқушылығы бар, қаржылық әлеуетті адамдар да деструктивті діни ағымдардың басты назарында. Деструктивті діни ағым негізінен әлемдік діндердің атын жамылғанымен түптеп келген жалған сенімге құрылады. Деструктивті діни ағымдар отбасылық институтты әлсіретіп, күйретеді. Сондықтан бұл теріс ағымдардың жұмысы құпия түрде жүргізіледі. Осылайша өз мүшелерінің санасы, дүниетанымы мен ұстанымдарын толық бақылауға алады. Деструктивті діни ағым

мүшелері осылайша бірінші кезекте отбасын емес, жалған сенімді таңдайтын дәрежеге жетеді. Дәстүрден тыс діни ағымдар қалыптасқан діни нормалар, әдет-ғұрыптарды мойындай бермейді.

Деструктивті ағымдар, секта және түрлі теріс культтік ұйымдардың алдын-алу жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуі керек. Арнайы сараптамалық орталықтар ашылып, қоғамда отбасы институтының орнын күшейтуге қатысты шаралар қабылданудың маңыздылығы жоғары. Осы бағыттағы әлеуметтік жарнамаларды көптеп түсіріп, ресми арналардан таратылуы да мәселенің алдын-алуға көп септігін тигізеді анық.

Қазақстан Республикасындағы деструктивті діни ағымдарға қарсы күрес жүйелі жүргізілуде. Деструктивті діни ағымдар адамдардың өмірі мен тағдырына ауыр салдар енгізумен қатар, мемлекеттің де тұтастығына нұқсан келтіретін қасиетке ие. Сол себепті оған қарсы күресте тек мемлекет пен тиісті органдарға жауапкершілік артып қоймай, әр қоғам мүшесі болып жүргізу ісін қолға алуы керек. Біздің пікірімізше деструктивті діни ағымдарға қарсы күресте ғылыми зерттеу орталықтарын ашудың маңыздылығы өте жоғары. Белгілі дінтанушы ғалым-зерттеушілерді біріктіріп, нақты іс-әрекеттер мен шараларды жүзеге асыру қажет. Азаматтарға деструктивті діни ағымдар бойынша ақпараттық тұрғыдан кеңестер беріп, құқықтық көмек берілу ісі де заман ағымына сай қайта қалыптасқаны дұрыс. Мұндай қайта қалыптасу жұмыстары әлеуметтік желілерді толыққанды қамтығанда барынша нәтижелі болады. Әлеуметтік жауапкершілік тұрғысынан келгенде деструктивті діни ағымдарға қарсы күресте отбасы институтының ролін көтеру маңызды. Деструктивті діни ағымдарға мүше болып жатқан азаматтар отбасынан қолдау көрмеген жандар екендігін ескерсек, баланың жас күнінен отбасы мүшелеріне жақын болып, діни сауатын отбасы жағдайында қалыптастыруына көңіл бөлінуі керек. Мұндай жүйелі жұмыстар күнделікті өмір жағдайында жүйелі түрде қолға алынуы үлкен нәтижелер береді деп тұжырымдаймыз.

Әдебиеттер

- Абдулганеев Р.Р. (2012) Деструктивные культы и тоталитарные секты как источник распространения религиозного экстремизма // Грамота. – №10(24). – Тамбов: – 184.
- Александрова З.Е. (2001) Словарь синонимов русского языка. – Москва: Русский язык. – 568.
- Артюхов М.Н. (2015) Секта: научная терминология или компрометация новых религиозных движений // Историческая и социально-образовательная мысль. – Том 7.- №5. Часть 2. – Москва: – 192.
- Ахремеева Ю.В. (2009). Социокультурные основы религиозного экстремизма. – Диссертация на соискание ученой степени кандидата философских наук. – Воронеж: – 178.

- Базарбаева Г.А. (2014) Жат діндердің құрсауындағы жастар көп // Дін және қазіргі заман. – Екінші басылым. – Астана: – 140.
- Байтенова Н.Ж. (2006) Дінтану негіздері. – Алматы: Қазақ университеті. – 356.
- Байтенова Н.Ж., Борбасова Қ.М. (2010) Жаңа діни ағымдардағы сектантықтың әлеуметтік-философиялық мәні // Адам және әлем: философия, ғылым, мәдениет. – Алматы: – 319.
- Байтенова Н.Ж., Жетпісбай Н. (2021) Фанатизм түсінігі, мәні мен ерекшеліктері (жалпы фанатизм, радикализм, фундаментализм, экстремизм, терроризм түсініктерінің ара жігін айқындау) // Адам әлемі. – №1 (87). – 124-138.
- Борбасова Қ.М. (2015) Дінтанудағы сектатану // ҚазҰУ хабаршысы. Дінтану сериясы. – №1 (1). Алматы: – 176.
- Дик Н.Ф. (2006). Культура и традиции мировых религий. – Ростов на Дону: Баро-пресс. – 232.
- Жандосова Ш.М. (2014) Діни экстремизмге қарсы Қазақстан Республикасының саясаты // Философия докторы PhD ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы: – 126.
- Коломийцев В.Ф. (2004) Социология Герберта Спенсера. – Социс. – №1. – Москва: – 176.
- Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. (2004) Современный толковый словарь русского языка. – Санкт-Петербург: ИТИ Технологии. – 1254.
- Омаров А.Қ. (2014) Теріс діни ағымдардың ортақ белгілері // Дін және қазіргі заман. – Екінші басылым. – Астана: – 140.
- Пчелинцев А.В. (1999) К вопросу о терминах «традиционная религия» и «секта» // Религия и право. – №2. – Москва: – 188..
- Сидоров П.И. (2005) Психический терроризм – неletalное оружие массового поражения // Российский психиатрический журнал. – №3. – 123.

References

- Abdulganeev R.R. (2012) Destruktivnye kulty i totalitarnye sekty kak istochnik rasprostraneniya religioznogo jekstremizma [Destructive cults and totalitarian sects as a source of spreading religious extremism] // Gramota. – №10(24). – Tambov. – 184 s. (in Russian)
- Aleksandrova Z.E. (2001) Slovar' sinonimov russkogo jazyka [Dictionary of synonyms of the Russian language]. – Moskva: Russki yazik. – 568 s. (in Russian)
- Artjuhov M.N. (2015) Sekta: nauchnaja terminologija ili komprometacija novyh religioznych dvizhenij [Sect: Scientific terminology or compromise of new religious movements] // Isoricheskaja i social'no-obrazovatel'naja mys'. – Tom 7.- №5. Chast' 2. – Moskva. – 192 s. (in Russian)
- Ahremeeva Ju.V. (2009). Sociokulturnye osnovy religioznogo jekstremizma [Socio-cultural foundations of religious extremism]. – Dissertacija na soiskanie uchenoj stepeni kandidata filosofskih nauk. – Voronezh. – 178 s. (in Russian)
- Bazarbaeva G.A. (2014) Zhat dinderdin kursauyndagy zhastar kop [There are many young people trapped in alien religions] // Din zhane kazirgi zaman. – Ekinshi basylym. – Astana. – 140 b. (in Kazakh)
- Baitenova N.Zh. (2006) Dintanu negizderi [Fundamentals of religious studies]. – Almaty: Kazak universiteti. – 356 b. (in Kazakh)
- Baitenova N.Zh., Borbasova Q.M. Zhana dini agymdardagy sektantyktyn aleumettik-filosofijalyk mani [Socio-philosophical meaning of sectarianism in New Religious Movements] // Adam zhane alem: filosofija, gylım, madeniet. – Almaty, 2010. – 319 b. (in Kazakh)
- Baitenova N.Zh., Zhetspisbaj N. Fanatizm tusinigi, mani men erekshelekteri (zhalpy fanatizm, radikalizm, fundamentalizm, jekstremizm, terrorizm tusinikteriniń ara zhigin ajkyndau) [The concept, essence and features of fanaticism (defining the relationship between the concepts of fanaticism, radicalism, fundamentalism, extremism, terrorism in general)] // Adam әлемі. – №1 (87). – 2021. – 124-138 b. (in Kazakh)
- Borbasova Q.M. (2015) Dintanudagy sektatanu [Sectarianism in religious studies] // KazUU habarshysy. Dintanu serijasy. – №1 (1). Almaty. – 176 b. (in Kazakh)
- Dik N.F. (2006). Kultura i tradicii mirovyh religij [Culture and traditions of world religions]. – Rostov na Donu: Baro press. – 232 s. (in Russian)
- Zhandosova Sh.M. (2014) Dini jekstremizmge karsy Kazakstan Respublikasynyn sajasaty [Policy of the Republic of Kazakhstan against religious extremism] // Filosofija doktory PhD gylimi darezhesin alu ushin dajyndalğan dissertacija. – Almaty. – 126 s. (in Kazakh)
- Kolomijcev V.F. (2004) Sociologija Gerberta Spensera [The Sociology of Herbert Spencer]. – Socis. – №1. – Moskva. – 176 s. (in Russian)
- Ozhegov S.I., Shvedova N.Ju. (2004) Sovremennyj tolkovyj slovar' russkogo jazyka [Modern explanatory dictionary of the Russian language]. – Sankt-Peterburg: ITI Technologii. – 1254 s. (in Russian)
- Omarov A.Q. (2014) Teris dini agymdardyn ortak belgileri [Common features of negative religious movements] // Din zhane kazirgi zaman. – Ekinshi basylym. – Astana. – 140 b. (in Kazakh)
- Pchelincev A.V. (1999) K voprosu o terminah «tradicionnaja religija» i «sekta» [On the question of the terms «traditional religion» and «sect»] // Religija i pravo. – №2. – Moskva. – 188 s. (in Russian)
- Sidorov P.I. (2005) Psicheskij terrorizm – neletal'noe oruzhie massovogo porazhenija [Psychic terrorism is a non-lethal weapon of mass destruction] // Rossijskij psichiatricheskij zhurnal. – №3. – 123 s. (in Russian)
- Lifton R.J. (1989) Thought Reform and the Psychology of Totalism: a Study of Brainwashing in China. – Carolina: UNS Press. – 528 p. (in English)
- Troeltsch E. (2017) Der Platz des Christentums unter den Weltreligionen // Handbuch Theologie der Religionen. Freiburg; Basel; Wien: Herder. – 192 p. (in English)